

ШЖҚ «ПАВЛОДАР ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР АУРУХАНАСЫ» КМК-НЫҢ 2017 ЖЫЛҒЫ 6 АЙДЫҢ ЖҰМЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕП

Павлодар облыстық балалар ауруханасы – Павлодар облысының балаларына стационарлы, стационар алмастыратын және консультациялық-диагностикалық көмек көрсететін, қуаты 300 төсек, көп бейінді балалар емдеу-алдын алу ұйымы.

Аурухананың құрамында келесі мамандандырылған бөлімшелер бар:

1. Жан сақтау бөлімшесі – 6 төсек
2. Хирургиялық бөлімше – 45 төсек
3. Травматологиялық бөлімше – 50 төсек, соның ішінде, 10 нейрохирургиялық төсек, 6 күйік төсегі, қалпына келтіру емінің 5 төсегі
4. Отоларингологиялық бөлімше – 40 төсек, соның ішінде, 15 жақсүйек-беттік хирургиясының 15 төсегі
5. Офтальмологиялық бөлімше – 20 төсек, содан басқа, күндіз болуға арналған 5 төсек
6. Неврологиялық бөлімше – 50 төсек, соның ішінде, қалпына келтіру емінің 5 төсегі, содан басқа, стационар алмастыратын көмектің 5 төсегі
7. Кардионефрологиялық бөлімше – 45 төсек, соның ішінде, нефрологиялық 17 төсек, кардиологиялық 23 төсек, гинекологиялық 5 төсек, содан басқа, стационар алмастыратын көмектің 5 төсегі
8. Соматикалық бөлімше – 50 төсек, содан басқа, күндізгі стационардың 5 төсегі
9. 20 төсекке арналған Балалар амбулаториялы хирургия орталығы жұмыс істейді.

2017 жыл ішіндегі кадрлық жұмыс

Барлығы штатта **418** қызметкер, соның ішінде, **56** дәрігер, **171** медбике, **191** өзге персонал. Есепті кезең ішінде дәрігерлер – **1** адам (Корнюхина М.П.), орта медперсонал - **10** адам келді; **4** – дәрігер (Зорина Л.С., Забудский А.В., Аладова М.М., Әлжанова Б.Б.), орта медперсонал – **8** адам кетті.

Санаттары бар дәрігерлердің барлығы – **40** (2016 жыл – **39**) адам, соның ішінде, 30 адамның жоғары және бірінші санаттары бар, бұл санаты бар дәрігерлердің қатарынан **75,0 %**-ды құрайды. 10 дәрігердің екінші санаты бар.

Санаты жоқ қатарынан **3** дәрігер (**16** дәрігерден **3**) – бұл санат алуға мүмкін болмайтын аз жұмысы өтілі бар жас мамандар.

Дәрігерлік кадрлардың санаттылығы **75,5 %**-ды құрайды (2016 жыл – **73,6%**).

Содан басқа, резидентурадан **6** адам өтуде, барлықтармен еңбек келісімдері жасалған.

Кадрлармен жұмыс

№	Атауы	Дәрігерлер		Орта медперсонал	
		2017 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2016 ж.
1.	Барлығы	56	60	171	158
2.	Штат бойынша	95,5	93,75	196,75	185,5
3.	Қамтамасыз етілуі	100%	100%	100%	100%
4.	Жас мамандар	3	7	47	39
5.	Санаттары бар	40-75,5%	39-73,6%	96-77,4%	83-69,7%
6.	Жоғары	24-45,3%	19-35,8%	46-37,1%	47-39,5%
7.	Бірінші	6-11,3%	10-18,9%	27-21,8%	23-19,3%
8.	Екінші	10-18,9%	10-18,9%	23-18,5%	13-10,9%
9.	Санаты жоқ	13	14	28	36
10.	Санатын растады	1	0	1	0
11.	Қайта даярлау	0	0	0	2
12.	Біліктілікті жоғарылату	36	49	59	24

Медбикелердің барлығы – 171 адам (соның ішінде, 21 медбике декреттік демалыста), 47 медициналық бике жас маман болып табылады. 96 (2016 жыл – 83) орта медициналық қызметкердің санаты бар, санаттылық 77,4 %-ды (2016 жыл – 69,7 %) құрайды.

Дәрігерлік кадрлардың және орта медперсоналдың біліктілігін жоғарылату жоспарлары табысты орындалуда.

2017 жылғы 6 ай ішінде 36 дәрігер (2016 жылы – 49) оқудан өтті, соның ішінде:


- Қайта даярлау – 0 (2016 жыл – 0);
- Жетілдіру – 24 дәрігер (2016 жыл – 9);
- Мастер-класстарға, семинарларға, конференцияларға қатысу – 12 дәрігер (2016 – 40);

Орта медициналық қызметкерлер арасында 2017 жылғы 6 ай ішінде дипломнан кейінгі оқудан 2017 жылға біліктілігін жоғарылату жоспарына сәйкес, 59 (2016 жыл – 26) өтті.

Стационардың қызметі


Статистика деректеріне сәйкес, 2017 жылғы 6 ай ішінде ОБА стационары бойынша барлығы – 5 749 (2016 жыл ішінде – 5 235 емделді) науқас емделді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 514 жағдайға (9,8 %-ға) артық.

2016-2017 жж. 6 ай ішінде науқастар емделді




2017 жылғы 6 ай ішінде күндізгі стационар бойынша – **1 093** науқас емделді, 2016 жылдың ұқсас кезеңі ішінде – **1 141** емделді, бұл өткен жылмен салыстырғанда **48** науқасқа (**4,2 %**-ға) аз.

2016-2017 жж. 6 ай ішіндегі стационар алмастыратын көмек (науқастар емделді)



ЖММК бойынша травматологиялық бейіннің **1** науқасы емделді (2016 жыл – **16**), бұл бекітілген жоспарға сәйкес келеді.

2016-2017 жж. 6 ай ішінде ЖММК көрсету



№ 3-кесте

2016-2017 жж. ішіндегі ЖММК-ның құрылымы

Коды	ЖММК-ның атауы	2017	2016
55.5002	Толық нефрэктомия (эндобейнехирургиялық, ретроперитонеальді)		1
58.4904	Үрпін қалпына келтіру (буккальді кесіндімен пластика)		6
55.0169	Ретроперитонеальді диссекция (бүйрек жылауығы қабырғасының лапароскопиялық резекциясы)		1
55.87	Түбекше-зәрағарлық сегментінің лапароскопиялық пластикасы		2
79.162	Бұғаттайтын экстрамедуллярлық имплантпен ішінен бекітілетін үлкен жіліншіктің және кіші жіліншіктің сүйек сынықтарының жабық репозициясы		2
79.152	Бұғаттайтын экстрамедуллярлық имплантпен ішінен бекітілетін ортанжіліктің сүйек сынықтарының жабық репозициясы		2
78.19	Өзге сүйектерге сыртқы бекітілетін құрылғыны қолдану		1
79.391	Бұғаттайтын экстрамедуллярлық имплантпен ішінен бекітілетін басқа анықталған сүйектің сүйек сынықтарының ашық репозициясы	1	1
Барлығы		1	16

Емдеудің орташа ұзақтығы – 8,0 күнді құрды (2016 ж. – 8,7), төсек айналымы – 19,2 (2016 ж. – 17,5). Төсек жұмысы – 153,1 күн (2016 ж. – 152,7).


**2016-2017 жж. 6 ай ішіндегі
стационардың қызметі**

№	Көрсеткіштер	2017 жыл	2016 жыл	%
1.	Төсектердің саны	300	300	100,0
2.	Төсек-күн өткізілді	45 939	45 803	100,3
3.	Науқастар келіп түсті	5 867	5 408	108,5
4.	Науқастар үйге шығарылды, соның ішінде:	5 749	5 235	109,8
	- шұғыл	3 775	3 671	102,8
	- жоспарлы	1 974	1 564	126,2
	- қалалық	4 198	3 796	110,6
	- ауылдық	1 551	1 439	107,8
5.	Бір жасқа дейінгі балалар	463	458	101,1
6.	Төсек жұмысы	153,1	152,7	100,3
7.	Орташа болу ұзақтығы	8,0	8,7	92,0
8.	Төсек айналымы	19,2	17,5	109,7
9.	Қайтыс болды	5	5	100,0
10.	Өлім-жітімділік	0,09	0,10	90,0
11.	1 жасқа дейін қайтты	2	2	100,0
12.	1 жасқа дейінгі балалардың өлім-жітімділігі	0,43	0,44	97,7
13.	Бір тәулікке дейін қайтты	2	1	200,0
14.	Бір тәулікке дейінгі өлім-жітімділік	0,03	0,02	150,0

Стационарлық көмекті тұтыну деңгейі 244,4 (2016 жылы – 241,6) құрайды.

№ 14-диаграмма

2016-2017 жж. ішінде стационарлық көмекті тұтыну деңгейі




ОБА-ның стационары бойынша емделген науқастардың құрылымы

Барлығы 2017 жылғы 6 ай ішінде – 5 749 (2016 жыл – 5 235) науқас емделді, емделген науқастардың құрылымы:

- 1 орында** – жарақаттар мен уланулар – **1065 (18,5%)**, (2016 жыл – **944 (18,0%)**),
- 2 орында** – жүйке жүйесінің аурулары – **891 (15,5%)**, (2016 жыл – **746 (14,3%)**),
- 3 орында** – ас қорыту органдарының аурулары – **861 (15,0%)**, (2016 жыл – **877 (16,8%)**),
- 4 орында** – тыныс алу органдарының аурулары – **481 (8,4%)**, (2016 жыл – **427 (8,2%)**),
- 5 орында** – несептік-жыныстық жүйенің аурулары – **472 (8,2%)**, (2016 жыл – **385 (7,4%)**).

№ 15-диаграмма


2016-2017 жж. ішінде ОБА-ның стационары бойынша емделген науқастардың құрылымы




2017 жылғы 6 ай ішінде хирургиялық бейіндегі бөлімшелерде – **1812** ота, соның ішінде, шұғыл – **1 263**, жоспарлы – **549** өткізілді, 2016 жылғы 6 ай ішінде **1 757** ота, соның ішінде, шұғыл – **1 219**, жоспарлы – **538** өткізілді, бұл 2016 жылмен салыстырғанда **55** отаға (**3,1 %**) артық.

№ 16-диаграмма

2016-2017 жж. ішіндегі стационардың хирургиялық жұмысы



**2016-2017 жж. ішіндегі
жоспарлы және шұғыл оталар (%)**




Консультациялық-диагностикалық көмек

Консультациялық емхана бойынша 2017 жылғы 6 ай ішінде **13 262** қызмет (2016 жыл ішінде – **13 457**) көрсетілді, бұл **195** қызметке аз немесе **1,4 %**. Азаю қосалқы мердігерлік бойынша шарттарды жасасудың кешіктірілуімен байланысты.

Жарақат пункті бойынша 2017 жылғы 6 ай ішінде **39 831** қызмет (2016 жыл ішінде – **35 718**) көрсетілді, бұл **4 113** қызметке артық немесе **11,5 %**.

2016-2017 жж. ішінде ОБА-ның консультациялық-диагностикалық емханасы мен жарақат пункті бойынша көрсетілген қызметтердің саны



Стационар бойынша өлім-жітімділік

Стационар бойынша 2017 жылғы 6 ай ішінде **5 бала** (2016 жыл ішінде – **5**) қайтты.

Стационардың 2017 жылғы 6 ай ішіндегі жалпы өлім-жітімділік көрсеткіші **0,09 %-ды** (2016 жыл ішінде – **0,10 %**) құрды.

1 жасқа дейін қайтыс болғандардың саны 2017 жылғы 6 ай ішінде – **2** (2016 жыл ішінде – **2** бала) құрды.

2017 жылғы 6 ай ішіндегі 1 жасқа дейінгі өлім-жітімділіктің көрсеткіші – **0,43 %** (2016 жыл ішінде – **0,44 %**).

2017 жылғы 6 ай ішіндегі бір тәулікке дейінгі өлім-жітімділік – **2** жағдай, 2016 жыл ішінде – **1** жағдай.

№ 19-диаграмма



№ 5-кесте

2016-2017 жж. ішіндегі ОБА-ның стационары бойынша өлім-жітімділіктің құрылымы

Класс	КШТ-ның атауы	Барлығы қайтыс болды				соның ішінде, бір жасқа дейін қайтыс болды			
		2017 ж.		2016 ж.		2017 ж.		2016 ж.	
IX	Қан айналым жүйесінің аурулары	0	0,0%	2	40,0%	0	0,0%	0	0,0%
XVII	Туа біткен ауытқулар	3	60,0%	2	40,0%	2	100,0%	2	100,0%
VI	Жүйке жүйесінің аурулары	1	20,0%	1	20,0%	0	0,0%	0	0,0%
XIX	Жарақаттар уланулар	1	20,0%	0	0,0%	0	0,0%	0	0,0%
		5		5		2		2	

Жаңа туылғандардың хирургиясы

Сәби өлім-жітімділігінің көрсеткішіне белсенді әсер ететін аурухананың қызметіндегі маңызды перспективалық бағыттардың бірі.

2017 жылғы 6 ай ішінде хирургиялық патологиясы бар **30** (2016 жыл – **29**) жаңа туылған келіп түсті.

2017 жылғы 6 ай ішінде **21** жаңа туылғанға ота жасалды (2016 жыл – **28**).

№ 6-кесте

Ота жасалған жаңа туылғандардың 2016-2017 жж. ішіндегі құрылымы

№	Атауы	2017 жыл	2016 жыл
1.	Даму кемістіктері:	18	18
	1. Жіңішке ішектің атрезиясы		3
	2. Айналыштың атрезиясы	1	3
	3. Жуан ішектің атрезиясы		2
	4. Өңештің атрезиясы	4	3
	5. Ұлтабардың атрезиясы	1	
	6. Ұлтабардың жарғақшасы	2	
	7. Гидронефроз	1	1
	8. Урахус жыланкөзі	5	1
	9. Ледд синдромы	1	2
	10. Көгет жарығы		1
	11. Гишпрунг ауруы	1	
	12. КТДК. ТКӨЖ бар өңештің атрезиясы. Айналыштың атрезиясы	1	
	13. КТДК. ТКӨЖ бар өңештің атрезиясы. Ұлтабардың атрезиясы	1	
	14. Ішектің аяқталмаған бұрылуы		2
2.	Жаңа туғандық кезеңінің хирургиялық аурулары:	2	3
	1. Арқаның адепозонекрозы		1
	2. Ерте жабыспалы ішек түйнегі		1
	3. Мезентериальды тамырлардың тромбозы		1
	4. Гемангиома	1	
	5. Динамикалық ішек түйнегі	1	
3.	Ірінді-қабыну аурулар	1	7
	БАРЛЫҒЫ:	21	28

Жаңа туғандардың 2017 жылғы 6 ай ішіндегі хирургиялық белсенділігі – **70,0** % (2016 жыл – **96,6** %).

21 ота жасалған жаңа туылғандардың ішінен 2017 жылғы 6 ай ішінде қайтыс болған балалар – **1** (2016 жыл – **28** ота жасалған науқастардан қайтыс болған балалар – **1**).

Осылайша, жаңа туылғандардың 2017 жылғы 6 ай ішіндегі жалпы өлім-жітімділігі – **3,3** % (2016 жыл – **3,4** %), жаңа туылғандар арасындағы отадан кейінгі өлім-жітімділік – **4,7**% (2016 жыл – **3,6** %).

Пациентті қолдау қызметі

ШЖҚ «Павлодар облыстық балалар ауруханасы» КМК-да «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 58-бабына сәйкес, медициналық қызметтердің сапасын басқару бойынша қызметті жүзеге асыратын аурухананың құрылымдық бөлімшесі болып табылатын Пациентті қолдау және ішкі бақылау қызметі (бұдан әрі – Қызмет) құрылды.

Бас дәрігердің бұйрығымен Қызметтің құрылымы мен құрамы бекітілді. Осы бұйрыққа сәйкес, Қызметті бас дәрігердің сапа жөніндегі орынбасары басқарады, дәрігерлер сарапшылар – тұлғалары белгіленді. Қызметтің құрамына клиникалық фармаколог, дәрігер эпидемиолог, БАҚ мониторингі жөніндегі маман кіреді. Пациентті қолдау және ішкі бақылау қызметінің жұмысы бас дәрігермен бекітілген Ережемен реттеледі.

Пациентті қолдау және ішкі бақылау қызметімен аурухананың бөлімшелерінде, тіркеу орнында, қабылдау бөлімінде және пациенттердің өзге күтетін жерлерінде қызметтің жұмысына қатысты ақпараттық-білім беру материалдарын (бүктемелерді) тарату қамтамасыз етіледі.

Консультациялық емханада Пациентті қолдау және ішкі бақылау қызметі бойынша бейнеролик көрсетілуде.

Тұрақты негізде МФҚБК төрағасының, Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі платформасының блогының, облыс әкімінің, денсаулық сақтау басқарма басшысының, аурухананың бас дәрігерінің блогының мониторингі жүргізіледі.

Азаматтардың медициналық қызметтерді көрсету деңгейіне қанағат болу дәрежесі де медициналық қызметтердің сапасына негізделген шағымдардың санымен анықталады. Азаматтардың барлық өтініштері ауызша немесе жазбаша өтініштер журналдарында тіркеледі.

Медициналық қызметтер көрсетудің сапасы бойынша шағымдармен, ұсыныстармен, сұрақтармен азаматтар өтіне алады:

- аурухананың сайтына
- аурухананың барлық бөлімшелерінде және әкімшілік корпусының 1 қабатында, қабылдау бөлімінде орналасқан өтініштерге арналған жәшіктермен (барлығы 10 жәшік) пайдалану. Содан басқа, соматикалық корпусының 1 қабатында «Нұр Отан» партиясының өтініштер мен ұсыныстарға арналған жәшігі бар стенд бар.
- сенім телефоны бойынша, «сенім телефондары» туралы, соның ішінде, ДСБ, МФҚБК АД Call – орталығының телефоны туралы көрнекі ақпарат аурухананың соматикалық пен хирургиялық корпустарының қабылдау бөлімшесінде, бөлімшелерінде орналасқан ақпараттық стендтерінде бар.
- жеке бас дәрігерге, бас дәрігердің емдеу жұмысы мен сапа жөніндегі орынбасарларына қабылдауға.

Барлық шағымдар мен өтініштер шағымдарды қарау жөніндегі комиссиямен қаралады, шағымдардың санын азайту бойынша шаралар әзірленеді.

2017 жылғы 6 ай ішінде **106** (2016 жыл – **151**) өтініш тіркелді, соның ішінде, жазбаша – 51 (2016 жыл – 66), төмендеу 1,3 есе, жазбаша – 55 (2016 жыл – 85), төмендеу 1,5 есе. Сенім телефонына 18 өтініш (2016 жыл – 15), Call – орталығы арқылы өтініштер – 22 (2016 жыл – 49) тіркелді.

Өтініштерді талдау көрсеткендей, 2017 жылғы 6 ай ішінде 2016 жылмен салыстырғанда 1,4 есе өтініштердің жалпы санының төмендеуі байқалады.

**ШЖҚ «Павлодар облыстық
балалар ауруханасы» КМК-ның
бас дәрігері**

А. Күзеков